ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т. Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Оралтаева Айдана Рамазанқызы

Ақтөбе облысындағы қуаттылығы 10 млн дана/жылына диатомитті қолданатын клинкер кірпіш зауыты

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В073000 – Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т. Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.д., профессор
_____ Ақмалайұлы К.
«_25__» ___05___2020ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Ақтөбе облысындағы қуаттылығы 10 млн дана/жылына диатомитті қолданатын клинкер кірпіш зауыты

5В073000 – Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

Орындаған: Оралтаева А.Р.

Пікір беруші
т.ғ.д., профессор
_____
«____» _____ 2020 ж.

Жетекші
т.ғ.д., профессор
_____ Жугинисов М.Т
«_25__» ___05___2020ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т. Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5В073000 – Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.д., профессор
_____ Ақмалайұлы К.
«_27__» ___01___2020ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы *Оралтаева Айдана Рамазанқызы*
Тақырыбы: *Ақтөбе облысындағы қуаттылығы 10 млн дана/жылына диатомитті қолданатын клинкер кірпіш зауыты*
Университет ректорының *«27» 01 2020 ж. №762-б-бұйрығымен бекітілген*
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі *«30» 05 2020 ж.*
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері *Кәсіпорынның жұмыс тәртібі, технологиялық тізбек өнімділігі, материалдық баланс, қондырғылар санын, өзіндік құнды есептеу.*
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) Технологиялық бөлім
ә) Жылу-техникалық бөлім
б) Сәулет-құрылыстық бөлім
в) Технологиялық процестердің автоматикасы және автоматтандыру жүйесі
г) Технико-экономикалық бөлім
ғ) Қауіпсіздік және еңбек қорғау
Сызбалық материалдар тізімі *Бас жоспар сызбасы, цехтың қима көрінісі, технологиялық картасы, технологиялық тізбегі, автоматика сызбасы, технико-экономикалық көрсеткіштер сызбасы.*
Ұсынылған негізгі әдебиет *10 атау.*

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, қарастырылытын мәселелердің тізімі	Жетекшілер мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық (технологиялық тізбек және сипаттама)	27.01.2020	
Жылу-техникалық (жылу ылғалды өңдеуге арналған жабдықты есептеу)	17.02.2020	
Сәулеттік- құрылыстық (бас цехтың конструктивті жобалау шешімі цехта жабдықтарды орналастыру)	11.03.2020	
Автоматтау және автоматтандыру (құрылыс өндірісі технологиясын ұйымдастыру)	08.04.2020	
Технико-экономикалық (тиімді нұсқаны таңдаудың технико-экономикалық негіздеу есептемелері)	01.05.2020	
Қауіпсіздік және еңбек қорғау (қауіпсіздік техникасы сұрақтарын қарастыру)	14.05.2020	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдердің атауы	Кеңесшілер, аты,әкесінің аты,тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Жугинисов М.Т. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Жылу-техникалық бөлім	Жугинисов М.Т. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Сәулеттік-құрылыстық бөлім	Бек А.А. т.ғ.м., ассистент	25.05.2020	
Технико-экономикалық бөлім	Жугинисов М.Т. т.ғ.д., профессор.	25.05.2020	
Автоматтау және автоматтандыру бөлімі	Жугинисов М.Т. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	Жугинисов М.Т. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Норма бақылау	Бек А.А. т.ғ.м., ассистент	25.05.2020	

Жетекші _____Жугинисов М.Т.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____Оралтаева А.Р.

Күні «_30_» _05_ 2020 ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобада клинкерлі қасбеттік және жолдық кірпіштің өндірісі қарастырылады. Дипломдық жобаның негізгі мақсаты – беріктігі мен жылу оқшаулағыш қасиеттерінің жоғары көрсеткіштері бар жеңіл балқитын саз және диатомит негізінде қазіргі заман талабына сай жоғары сапалы бұйым шығару. Жоба технологиялық бөлімнен, сәулет-құрылыстық бөлімнен, технологиялық процестердің автоматикасы және автоматтандыру жүйесі, еңбек қорғау және қауіпсіздік, сонымен қатар экономикалық бөлімді қамтиды.

Клинкер кірпішін өндіру кезінде жоғары термиялық өңдеу кірпішіке беріктігі бойынша жоғары сипаттамалар береді және тығыз құрылымның арқасында су сіңіру деңгейінің өте төмен болуымен ерекшеленеді. Шикізаттың қолжетімділігі, технологияның автоматтандырылуы және кірпіш өндірісінің экологиялық таза болуы бұйым өндірісінің тиімді екенін көрсетеді.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассматривается производство клинкерного фасадного и дорожного кирпича. Основной целью дипломного проекта является производство высококачественных изделий на основе легкоплавкой глины и диатомита с высокими показателями прочности и теплоизоляционных свойств. Проект включает в себя технологическую часть, архитектурно-строительную часть, автоматику технологических процессов и систему автоматизации, безопасность и охрана труда, а также экономический часть.

Высокая термическая обработка при производстве клинкера дает кирпичу высокие характеристики по прочности и отличается очень низким уровнем поглощения воды благодаря плотной структуре. Доступность сырья, автоматизация технологии и экологически чистое производство кирпича показывают эффективность производства изделий.

ABSTRACT

In this thesis project is considered the production of clinker facade and road bricks. The main objective of the diploma project is to produce high-quality products based on low-melting clay and diatomite with high strength and thermal insulation properties. The project includes the technological part, architectural and construction part, automation of technological processes and automation system, safety and labor protection, as well as the economic part.

High heat treatment in the production of clinker gives the brick high strength characteristics and has a very low level of water absorption due to the dense structure. Availability of raw materials, automation of technology and environmentally friendly production of bricks show the efficiency of production of products.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе
1 Технологиялық бөлім 8
1.1 Құрылысқа арналған алаңды негіздеу 8
1.2 Зауыттың жұмыс тәртібі 8
1.3 Өндіріс өнімінің номенклатурасы 9
1.4 Шикізат және негізгі материалдарға сипаттама 10
1.5 Шихтаның химиялық құрамын есептеу 11
1.6 Бұйымды өндіру тәсілін таңдау, негіздеу, технологияны баяндау 13
1.7 Материалдық балансты есептеу 20
1.8 Жабдықтарды таңдау және есептеу 23
1.9 Қосалқы нысандарды таңдау және есептеу 27
1.10 Технологиялық процесті және дайын өнімнің сапасын бақылау 28
Қорытынды
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
Қосымшалар 34

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы архитектураның бағыттарының бірі сапалы керамикалық жаңа құрылыс материалдар жасау мен олардың ауқымды өндірісінен тұрады. Керамикалық материалдардың кез келген қажетті қасиеттерін алу мүмкіндігі, кең таралған номенклатурасын, көп таралған шикізаттардың үлкен қорын, технологиялардың салыстырмалы қарапайымдылығын, жоғары ұзақ мерзімділігін және экологиялық қауіпсізділігін қамтамасыздандыру жағынан өндірісте басқа құрылыс материалдарымен салыстырғанда алдыңғы қатарда. Мұндағы ең басты өндіріс процесі – қалыпталынып, кептірілген шикі материалдар мен бұйымдарды пештерде жоғары температурада белгілі режимде күйдіру.

Соңғы жылдары Қазақстанда ғимараттардың қабырғаларын тұрғызу үшін беріктігі мен аязға төзімділігі бойынша жоғары сипаттамалары бар ірі форматты керамикалық блоктар мен керамикалық клинкерлі кірпіш қолданыла бастады. Клинкерлі кірпішті Ежелгі Рим дәуірінен бастап қазіргі күнге дейін кеңінен қолдану оны өндіру технологиясының қарапайымдылығымен, сондай-ақ оның жоғары беріктігі мен тығыздығы сияқты қасиеттерімен байланысты. Бұл бұйым табиғи тастың орнына жол төсеген кезде келді. Клинкерлі кірпішпен қапталған керамикалық блоктардан тұратын қабырғаның конструкциясы оңтайлы болып табылады. Дәл осы себеппен шет елдерде және Қазақстанда керамика өндірісінің технологиясы төмен жылу өткізгіштік пен бұйымдардың жоғары "маркалығы" үйлесіміне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда Қазақстанда клинкерлі кірпіш шектеулі көлемде өндіріледі, сондықтан ол өте жоғары бағамен шетелден әкелінеді. Бұл барлық құрылыс объектілерінің қымбаттауына себеп болды.

Қазір Қазақстанда өзекті мәселенің бірі Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданындағы 3 млрд тоннасы бар диатомит тау жынысының қорын кешенді пайдалану болып табылады. Диатомитті клинкерлі кірпіш өндірісінде қолдану жоғарыдағы мәселе шешімінің бір жолы. Бұл материалды қасбеттік және жолдық клинкерлі кірпішке шикізат материалы ретінде қолдану, өнеркәсіптік өндіру және өңдеу, қоғамның негізгі және қосалқы өндірісінің технико-экономикалық көрсеткіштерін жоғарлатады. Сонымен қатар, диатомитті пайдалану клинкерлі кірпішке жылуоқшаулағыш, дыбысоқшаулағыш, супергидрофобты, ыстыққа төзімді қасиеттер береді.

Құрылыс материалдарының осы түрі түрлі ғимараттардың қасбеттерін әрлеу үшін қолданылады (жеке үйлер, кеңсе және сауда орталықтары), сондай-ақ, дуалдар, бағаналар, цокольдар салу, жолдарды, суағарларды, бау-бақша жолдарын төсеу, автомобильдерге арналған кіреберістерді, және үй-жайлардың ішкі әрлеуі үшін пайдаланылады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Құрылысқа арналған алаңды негіздеу

Диатомитті қолданатын клинкер кірпіш зауыты Ақтөбе облысы Хромтау ауданының орталығы Хромтау қаласында орналасады. Облыс орталығы – Ақтөбе қаласынан шығысқа қарай 86 км жерде, Мұғалжар тауының солтүстік етегінде, Ойсылқара (Сарымырза) өзені бастауындағы дөңесті жерде орналасқан. Қаланың атауы оның жер қойнауындағы хромит кенінің кен орнымен байланысты. Халық саны – 26 737 адам (1 қаңтар 2019).

Хромтау кәсіпорындары кенді өндірумен және байытумен айналысады. Ал фирмалары мен компаниялары қалада өндірілетін және өндірілетін өнімдерді көтерме саудада сатады. Қаладағы негізгі кәсіпорындар: “Дөң кен байыту комбинаты” және “Дөң мұнайбаза” АҚ-дары. Одан басқа қалада “Керамика” АҚ, “Хромтау кірпіш зауыты” ЖШС, “Рахат-21”, “Сауда орталығы”, “Әділ фирмасы” ЖШС-тері, “Бек” ӨК және басқа шағын жеке кәсіпкерліктер (“Егізбаев”, “Наурызбаев”, т.б.) жұмыс істейді. Сонымен қатар темекі, азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар көтерме саудамен сатылады. Бұл қалада дүкен, дәріханалар мен дәмханалар ұсынылған шағын және орта бизнес дамыған, кейбір фирмалар жолаушылар және жүк тасымалдарын жүзеге асырады. [1]

Әлеуметтік салада жалпы білім беретін 6 мектеп, 1 кәсіптік-техникалық мектеп, 3 балабақша, Кеншілер мәдениет үйі, клуб, пошта, телеграф жүйелері, 100 орындық шипажай бар.

Хромтау арқылы республикалық маңызы бар Қандыағаш – Алтынсарин – Жітіқара – Қостанай темір жол және Қарабұтақ – Комсомол – Денисовка – Қостанай автомобиль жолы өтеді.

Хромтау қаласындағы климат суық қалыпты. Ең суық ай қаңтар, орташа температурасы – -13,7°С, ал ең жылы ай тамыз, термометр бағанасы орташа есеппен +22,7°С дейін көтеріледі. [14]

Жоба бойынша зауыт құрылысы шикізаттың шығу жеріне жақын орналасқан, ол тасымалдау шығынын азайта отырып, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл дипломдық жұмыста Ақтөбе облысында орналасқан Хромтау кен орнынан шығатын жеңіл балқитын саз бен Мұғалжар ауданы Өтесай кен орнындағы диатомитті қолданамын.

1.2 Зауыттың жұмыс тәртібі

Цехтің жұмыс тәртібі жылдағы жұмыс күндер санымен, тәуліктегі жұмыс ауысым санымен және жұмыс сағаттар санымен сипатталады.

Жылына 365 тәулік, 30 тәулік күрделі жұмыстарды орындау үшін: 365–30=335; 1 тәулікте – 24 сағат, 3 ауысым жұмыс істейді: 24/3=8 сағат (1 ауысым).

Кәсіпорынның жұмыс уақытының номиналды жылдық қоры мына формула бойынша анықталады:

$$Т_ж = N \cdot n \cdot t \quad (1)$$

мұндағы N – жылдағы жұмыс күндерінің саны;

n – тәуліктегі жұмыс ауысымдар саны;

t – жұмыс ауысымының сағат ұзақтығы.

$$Т_{ж1} = 335 \cdot 3 \cdot 8 = 8040 \text{ сағ/жыл (3 ауысым)}$$

$$Т_{ж2} = 335 \cdot 2 \cdot 8 = 5360 \text{ сағ/жыл (2 ауысым)}$$

Технологиялық жабдықтың үздіксіз және үздік апта бойынша сағаттық жұмыс уақытының есептік қоры:

$$Ф_е = Т \cdot ч \cdot К_{ж.п.} \quad (2)$$

мұндағы Т – жылдағы жұмыс тәуліктерінің саны, сағ;

ч – тәуліктегі жұмыс сағаттарының саны;

$К_{ж.п.}$ –жабдықтарды пайдалану коэффициенті (0,8-0,95).

$$Ф_{е1} = 335 \cdot 24 \cdot 0{,}85 = 6834$$

$$Ф_{е2} = 335 \cdot 16 \cdot 0{,}85 = 4556$$

Цехтің жұмыс тәртібі 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте – Цехтің жұмыс тәртібі

Бөлістер аталуы	Жылдағы жұмыс күндер саны	Тәуліктегі ауысым саны	Жұмыс ауысым ұзақтылығы, сағ.	Жылдық жұмыс уақыт қоры	
				тәулік	сағат
Шикізатты қабылдау	335	2	8	335	5360
Шикізатты дайындау	335	2	8	335	5360
Қалыптау	335	2	8	335	5360
Кептіру	335	3	8	335	8040
Күйдіру	335	3	8	335	8040
Сапаны бақылау	335	2	8	335	5360
Дайын өнім қоймасы	335	2	8	335	5360

1.3 Өндіріс өнімінің номенклатурасы

Клинкерлі кірпіш – керамикалық кірпішке ұқсас жасалған, бірақ жоғары температураларда күйдіріледі (1100°С-тан жоғары), соның арқасында кірістер мен қуыстар қалмайды. Жоғары беріктілікке, аязға төзімділікке және ұзақ мерзімділікке, төмен кеуектілікке ие.[16]

Клинкерлі кірпіш сыртқы ортаның агрессивті компоненттерінің әсеріне өте төзімді, қорғау функцияларын орындайды. Тіпті оны жуудың қажеті жоқ, себебі бастапқы түрін қалпына келтіру үшін қалыпты жаңбыр жеткілікті.

Сондай-ақ, кез келген формадағы кірпішті жасауға болады. Кірпіш беріктігі бойынша М300, М400, М500, М600, М800, М1000 маркаларына бөлінеді. Клинкерді пайдалану эксплуатациялық шығындарды минимумға дейін төмендетеді. [17]

Бұйымдардың техникалық сипаттамасы 2 кестеде көрсетілген.

2 кесте – Бұйымдардың техникалық сипаттамасы

Бұйым түрі	a, мм	b, мм	h, мм	m, кг	$\rho_{орт}$, кг/м^3	W, пайыз	Аязға төзімділігі
	200	100	52	2,4	2310	2 кем емес	F150
	200	100	75	3,5			

Бұйымдарды шығару бойынша зауыттың өндірістік бағдарламасы 3 кестеде көрсетілген.

3 кесте – Бұйымдарды шығару бойынша зауыттың өндірістік бағдарламасы

Бұйымның аталуы	жылына	тәулікте	ауысымда	сағатына
Қасбеттік кірпіш 200x100x52 мм	5 000 000	14 925	7462	932
Жолдық кірпіш 200x100x75 мм	5 000 000	14 925	7462	932

1.4 Шикізат және негізгі материалдарға сипаттама

Клинкер кірпішті дайындау үшін жеңіл балқитын саз (70 пайыз) және диатомитті (30 пайыз) қолданамыз. Шихта құрамындағы екі шикізаттың сипаттамасы төменде келтірілген.

Жеңіл балқитын саз – карбонаттар қоспасы бар монтмориллониттен, темір және марганец гидроқышқылдарынан тұрады. Олардың негізіндегі сазды жыныстар дисперсиялықтың жоғары дәрежесімен (<0,005 мм), иілгіштігімен ерекшеленеді, қатты ісінеді, баяу кебеді, кептіруге және күйдіруге аса сезімтал.

Саз Хромтау кен орны Ақтөбе облысының Хромтау ауданында, Хромтау қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 10 км жерде орналасқан.

Саздың химиялық құрамы, пайыз: SiO_2 – 61,52; Al_2O_3 – 12,49; Fe_2O_3 – 5,65; CaO – 7,19; MgO – 2,85; K_2O – 2,8; Na_2O – 1,64; MnO – 0,09; SO_3 – 0,21.

Саздың физика-механикалық қасиеттері: иілімділік саны – 22,67 – 29,19 (25,76); отқа төзімділігі – 1180 – 1200°С; кептіруге сезімталдығы – 60 – 80 (70) сек.

Саздың гранулометриялық құрамы (фракция, мм/құрамы, пайыз): 0,001/41,56; 0,001 – 0,005/15,25; 0,005 – 0,01/10,1; 0,01 – 0,05/21,01; 0,05 – 0,1/9,3; 0,1 – 0,25/0,9; 0,25 – 0,5/0,74; 0,5/0,4.

Технологиялық және жартылай зауыт сынақтары саздардың қатты керамика өндірісіне жарамды екенін көрсетті.

Диатомит – жеңіл, кеуекті шөгінді тау жынысы, сарғыш түсті кең таралған алуан түрлі микроскопиялық кіші балдырлардан тұрады, қабығы кремнеземмен сіңірілген екі жартыдан құрылған. Құрылыс саласында диатомит жылу және дыбыс оқшаулағыш материалдар үшін шикізат ретінде, сондай-ақ цементтерге, бетондарға, құрылыс ерітінділеріне және әртүрлі мақсаттағы құрғақ қоспаларға қосымша ретінде қолданылады.

Өтесай кен орны Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы диатомит – ашық сұр түсті, тығыз, химиялық құрамы, мас.пайыз: SiO_2 –74,77; Al_2O_3 – 11,28; Fe_2O_3 – 4,63; CaO – 1; MgO – 1,13; SO_3 – 1,55; к.к.ж. – 4,59.

Диатомиттің қасиеттері: шынайы тығыздығы 2200 кг/м^3; үйінді тығыздығы 400 – 600 кг/м^3; кеуектілігі 72 – 82 пайыз және ылғалдылығы 11 пайыз.

Рентгенофазалық талдау мәліметтері бойынша оларда β – кварц, каолинит, монтмориллонит және магнетит бар. Диатомиттің негізгі салмағы аморфизацияланған зат және рентгенограммада анықталмайды. Диатомит құрамында сазды минералдардың болуы оның иілімділік, шөгу қасиеттері бар екенін куәландырады.

1.5 Шихтаның химиялық құрамын есептеу

Шихтаның химиялық құрамын есептеу:

Шихта құрамы, пайыз: жеңіл балқитын саз – 30; диатомит – 70.

Шикізат ылғалдылығы, пайыз (W): саз – 14; диатомит – 11.

Шикізат тығыздығы: жеңіл балқитын саз – 1,6 т/м^3; диатомит – 0,6 т/м^3.

1 м^3 шихтада саздың салмағы 1,12 т, ал диатомиттікі 0,18 т.

1 м^3 шихта салмағы 1,3 т. Пайыздық мөлшерін есптейміз:

$$(1{,}12 \cdot 100):1{,}3 = 86{,}15\ \%$$

$$(0{,}18 \cdot 100):1{,}3 = 13{,}84\ \%$$

Шихтадағы шикі заттың құрғақ күйдегі мөлшерін есептеу:

100 – 14 %
86,16 – x % x = 12,06 % 86,16 – 12,06 = 74,1 %
100 – 11 %
13,84 – x % x = 1,52 % 13,84 – 1,52 = 12,32 %
} 86,42 %

86,42 – 74,1 % саз

100 – x % x = 85,74 % 86,16 – 12,06 = 74,1 % 100%

86,42 – 12,32 % диатомит

100 – x % x = 14,26 % 13,84 – 1,52 = 12,32 %

Шихтадағы шикі зат үлесін есептейміз:

$$85,74 \div 100 = 0,8574$$

$$14,26 \div 100 = 0,1426$$

Жеңіл балқитын саздың химиялық құрамы 4 кестеде келтірілген.

4 кесте – Жеңіл балқитын саздың химиялық құрамы, мас. Пайыз

Атауы	Оксид мөлшері, пайыз									к.к.ж.	∑
	SiO_2	Al_2O_3	Fe_2O_3	CaO	MgO	K_2O	Na_2O	MnO	SO_3		
Саз	61,52	12,49	5,65	7,19	2,85	2,8	1,64	0,09	0,21	5,27	99,71

100 % келтіреміз:

61,52 – 99,71 | x = 61,69 %
x – 100

12,49 – 99,71 | x = 12,52 %
x – 100

5,65 – 99,71 | x = 5,67 %
x – 100

7,19 – 99,71 | x = 7,21 %
x – 100

2,85 – 99,71 | x = 2,86 %
x – 100

2,8 – 99,71 | x = 2,81 %
x – 100

1,64 – 99,71 | x = 1,64 %
x - 100

0,09 – 99,71 | x = 0,1 %
x – 100

0,21– 99,71 | x = 0,22 %
x – 100

5,27 – 99,71 | x = 5,28 %
x – 100

61,69 + 12,52 + 5,67 + 7,21 + 2,86 + 2,81 + 1,64 + 0,1 + 0,22 + 5,28 = 100 %

SiO_2 – 61,69 · 0,8574 = 52,89 %

Al_2O_3 – 12,52 · 0,8574 = 10,73 %

Fe_2O_3 – 5,67 · 0,8574 = 4,86 %

CaO – 7,21 · 0,8574 = 6,18 %

MgO – 2,86 · 0,8574 = 2,45 %

K_2O – 2,81 · 0,8574 = 2,4 %

Na_2O – 1,64 · 0,8574 = 1,41 %

MnO – 0,1 · 0,8574 = 0,08 %

SO_3 – 0,22 · 0,8574 = 0,19 %

к.к.ж. – 5,28 · 0,8574 = 4,52 %

Диатомиттің химиялық құрамы 5 кестеде келтірілген.

5 кесте – Диатомиттің химиялық құрамы, мас. Пайыз

Атауы	Оксид мөлшері, пайыз						к.к.ж.	∑
	SiO_2	Al_2O_3	Fe_2O_3	CaO	MgO	SO_3		
Диатомит	74,77	11,28	4,63	1	1,13	1,55	8,3	102,56

100 % келтіреміз:

74,77 – 102,56 | x = 72,9 %
x – 100

1,13 – 102,56 | x = 1,1 %
x – 100

11,28 – 102,56 | x = 10,9 %
x – 100

8,3 – 102,56 | x = 1,51 %
x – 100

4,63 – 102,56 | x = 4,51 %
x – 100

1,55 – 102,56 | x = 8,1 %
x – 100

1 – 102,56 | x = 0,98 %
x – 100

$$72,9 + 10,9 + 4,51 + 0,98 + 1,1 + 1,51 + 8,1 = 100\ \%$$

$$SiO_2 – 72,9 \cdot 0,1426 = 10,4\ \%$$

$$Al_2O_3 – 10,9 \cdot 0,1426 = 1,6\ \%$$

$$Fe_2O_3 – 4,51 \cdot 0,1426 = 0,64\ \%$$

$$CaO – 0,98 \cdot 0,1426 = 0,14\ \%$$

$$MgO – 1,1 \cdot 0,1426 = 0,15\ \%$$

$$SO_3 – 1,51 \cdot 0,1426 = 0,21\ \%$$

$$к.к.ж. – 8,1 \cdot 0,1426 = 1,1\ \%$$

100 пайызға келтірілген шихтаның құрамы 6 кестеде көрсетілген.

6 кесте – Шихтаның химиялық құрамы, пайыз

Шикізат түрі	Жеңіл балқитын саз	Диатомит	Σ
SiO_2	52,89	10,4	63,29
Al_2O_3	10,73	1,6	12,33
Fe_2O_3	4,86	0,64	5,5
CaO	6,18	0,14	6,32
MgO	2,45	0,15	2,6
K_2O	2,4	-	2,4
Na_2O	1,41	-	1,41
MnO	0,08	-	0,08
SO_3	0,19	0,21	0,4
к.к.ж.	4,52	1,15	5,67
Барлығы	85,71	14,29	100 пайыз

1.6 Бұйымды өндіру тәсілін таңдау, негіздеу және технологияны баяндау

Клинкерлі кірпішті өндіру кезінде қолданылатын саздың ылғалдылығы және иілімділігі жоғары болған соң, дипломдық жұмыста иілімді тәсілмен қалыптау әдісін қолдандым. Бұл тәсілде ылғалдылығы 23 – 25 пайыздан аспайтын иілімді және орташа тығыздықты саз болуы керек.

Иілімді массаларды қалыптау әдісі саздардың иілімділік қасиеті негізінде пайда болып, керамика технологиясында кеңінен қолданылады. Сазды өңдейтін құрылғылар аз болғандықтан сазды иілімді түрде өңдеу кезінде шикізатты

даярлау схемасы қарапайым және үнемді болады, осының әсерінен қуат үнемділігі артады. Барлық құрылғылар қолдануда қарапайым және сенімді. Бұйымдардың күйдіру температурасы, жартылай құрғақ пресстеу тәсілімен шыққан бұйымдардың күйдіру температурасынан 500°С-қа төмен болады. Бұл күйдіруге кеткен энергия шығынын үнемдейді. Диатомитті қолданатын клинкерлі кірпіштің технологиялық сұлбасы тізбек 1-де көрсетілген.



Тізбек 1 – Диатомитті қолданатын клинкерлі кірпіштің технологиялық сұлбасы

Шикізатты өңдеу

Жеңіл балқитын саз. Пайдалы қазбалардың кен-геологиялық талаптарына сәйкес шикізатты қазу карьерде ашық тәсілмен жүргізіледі. Шикізат өндіру Е-652 бір шөмішті экскаватормен жүргізіледі, кенжардың тереңдігі 5,5 м. Карьерде ашу жұмыстары өсімдік қабатын жою мақсатында 0,4-0,8 м тереңдікке ДТ-75 бульдозерінің көмегімен жүргізіледі. Саздың иілімділігін жоғарылату үшін үстіңгі қабатты 6 ай бойы сумен басып тастайды, сол мезгілде саздың ылғалдылығы 12-20 пайыз немесе одан да жоғары болады. Ол үшін ұзындығы 30 м, ені 4 м, тереңдігі 0,8-1 м трапециялар қазылады. Содан кейін сазды зауытта саз қоймасына апарып түсіреді. Саз қоймасынан саз бірден КО-01 саз қопсытқыш бункерге беріледі, мұнда шикізат бір-біріне соғылатын қалақтардың көмегімен ұсақ фракцияларға майдаланады.

Кейін саз СМК-214 жәшікті қоректендіргіш бункеріне түседі. Жәшікті қоректендіргіш – сусымалы материалдардың белгілі бір көлемді порцияларын қайта өңдеу немесе тасымалдау машиналарына беруге арналған құрылғы. Саздар жәшікті қоректендіргішке 15х15 см ұяшықтары бар металл тор арқылы түседі, металл торлар ірі көлемді артық заттарды ұстауға арналған. Саз құрамына қоспаларды жәшікті қоректендіргіш көмегімен енгізеді, ол үшін онда тиісті бөлімдер және шиберлер орнатылады. Оларды саз араластырғышқа сазды салғанда да енгізеді. Бункерге төселген саз немесе басқа шикізат материалы пластиналы конвейермен шибер арқылы реттелетін шығару тесігіне жылжиды. Конвейердегі материал қабатының қалыңдығы тұрақты, ол материалдың тұрақты көлемді мөлшерін қамтамасыз етеді.

Жәшікті қоретендіргіштен СМ-22 тас шығаратын біліктерге беріледі. Тас шығаратын біліктер түйіршіктелетін саздарды алдын ала ұсақтау және тасты қоспаларды жою үшін қызмет етеді. Біліктердің екі білігі бар-жылдам қырлы және баяу тегіс. Саз ең бірінші тиеу воронкасы арқылы жылдам қырлы білікке бағытталады. Бұл жылдам білік қабырғасының соққыларынан кейін, баяу тегіс біліктерге түсіріледі. Тастағы қосылыстар, тегіс біліктен сырғып, қаптаманың жоғарғы қақпағына соғылады және бұру науасы арқылы лақтырылады. Тас бөлетін біліктердің өнімділігі біліктердің ұзындығы мен диаметріне, олардың айналымдарының санына және олардың арасындағы саңылаудың шамасына байланысты болады. Содан соң саздар қор бункеріне жіберіледі.

Диатомит. Диатомит алдымен РС400х300 балғалы ұсақтағышта ұсақталады. Балғалы ұсақтағыштар 100 – 200 мм-ден 20 мм-ге дейін және одан да аз мөлшерде материалды ұсақтау үшін қолданылады. Балғалы ұсақтағыштардың жұмысшы органы – стерженге еркін орналасқан балғалар болады. Ұсақтағыш білігі айналғанда балғалар қоректендіргіш арқылы берілетін материалды соққылап майдалайды. Ұсақталған материал елек тесіктерінен өтеді. Ұсақтау дәрежесін електің тесігінің диаметрін және балғалардың айналу жылдамдығын өзгерту арқылы реттеуге болады.

Одан әрі диатомиттің өңделуі саз өңделуімен бірдей болып келеді, оны ұнтақтау тиімді және өнім өндірісін жеңілдетеді.

Шихтаны дайындау. Шихтаны дайындау үшін шикізаттарды мөлшерлегіштермен мөлшерлеп аламыз. Саз бен диатомит үшін С-864, ал су үшін ДВЖ 200 мөлшерлегішін қолданамыз.

Алдын ала өңделген шикізат массаның компоненттері саз араластырғышқа түседі, мөлшерленген шикізаттарға 18-25 пайыз су қосылып, біркелкі ылғалданады, СМК-125 екі білікті қалақты араластырғышта сумен тегістеліп біртекті қоспаға дейін араластырылады.

Екі білікті қалақты араластырғыш екі көлденең орналасқан қалақты біліктен және су мен буды жеткізуге арналған құрылғыдан тұрады, оның қолданылуы: бір жақты, бірақ күрделі құрылымды. Екі білікті саз араластырғыш қалыптаушы агрегат үшін қоректендіргіш рөлін атқарады. Оның білігіне үзікше бұрандалы бетті құрайтын қалақтар бекітілген, оның көлбеу бұрышы өз осінің айналасындағы қалақтардың бұрылысымен өзгертілуі мүмкін. Екі білікті қалақты араластырғыш массаны айналдырады және араластырады, нәтижесінде араластыру қарқындылығы артады.

Шихтаны екінші рет ұсақтау және өңдеу үшін оның қасиеттеріне және қажетті өңдеу дәрежесіне байланысты суды ұнтақтайтын жүгіргіштер қолданылады.

СМ-21Б суды ұнтақтайтын жүгіргіштер саз массасын өңдеу нәтижесінде оның байланыстылығы мен біртектілігі, содан кейін бұйымдардың беріктігі артады. Жүгіргіштердің өнімділігі саздың иілімділігіне, оның қатты қосындылармен ластануына, ылғалдылығына, тостағанның тесігінің саны мен мөлшеріне байланысты. Жүгіргіштегі массаның ылғалдану дәрежесін сыртқы белгілері бойынша анықтайды.

Массаны майда ұнтақтау жұқа ұнтақтайтын біліктерде жүзеге асырылады. Жұқа қабырғалы бұйымдарды қалыптау кезінде біліктер арасындағы саңылау 2 мм-ге дейін, ал әктас қосылыстары болған кезде-1 мм-ге дейін кішірейтіледі. Осы мақсатта УСМ-114 жұқа ұнтақтайтын біліктер қолданылады.

Содан кейін өңделген массаны ашық шихтақорында сақтайды, одан кейін көп шөмішті экскаватормен пресс араластырғышына түсетін ленталы конвейерге береді. Шихтақоры – төменгі жүк түсіру бөлігінде кеңейтілген болат цилиндрлік сыйымдылық. Шихта қорында сақтау жоғары сапалы массаны алуға мүмкіндік береді.

Қалыптау. Иілімді қалыптау 3 тәсілмен жасалады: сығып шығару, қосымша пресстеу және жаю. Барлық жағдайда механикалық күштің шамасы 1-30 МПа-дан аспайды. Шикі үлгі берілген формасын аққыштық шегі болуына байланысты сақтайды. Кірпішті иілімді тәсілмен өндіру кезінде ленталы, вакуумды және вакуумсыз пресстер қолданылады.

Вакуум камерасында тұрақты сирету шамасы 93 кПа. Ауаны жою жағдайында саз бөлшектері бір-біріне жақындайды, масса біркелкі түрде нығыздалады, кептіру кезінде жарықтардың пайда болуын төмендетеді, оның иілімділігі жоғарылайды, брус тығыз, берік, бұрыштары мен қырлары анық

сызылып тұрады. Зауыттар тәжірибесінде вакуумды пресстерде бұйымдардың ылғалдылығы 1-3 пайыз массалардан қалыптайды.

Масса СМ-443А ленталы вакуумды құрама престің араластырғышына келіп түседі, қажет болған жағдайда тегістеледі және бумен қыздырылады. Сонымен қатар, бұйымдарды қалыптау алдында вакуум көмегімен ауаны массадан шығаруға мүмкіндік береді. Араластырғыштың білігі бойынша орналасқан қалақтар массаны вакуум-камераның шығу тесігіне жылжытады.

Ленталы престің мундштугінен шығатын саз брусын кесу СМ-678А сәулелі типті бір сатылы автоматтармен жүзеге асырылады.

СМК-127 автомат-отырғызғышы кірпіштерді кептіргішке және пешке тасымалдауға арналған.

Кептіру. Кептіру – буландыру арқылы материалдардан ылғалды жою процесі. Кірпішті кептіру тек конвективті әдіспен жүргізіледі, яғни ылғал бұйым мен жылу тасығыштың арасындағы жылу алмасуының салдарынан буланады. Жылу тасымалдаушы ретінде отынды жағудан алынатын қыздырылған ауаны немесе түтін газын пайдаланады. Бұл жылу тасымалдағыштар бір мезгілде ылғал сіңіргіш болып табылады, өйткені шикі кірпішке жылуды береді және оның ылғалын сіңіреді. Кірпішті балқытудан сақтандырудың қарапайым тәсілі – оны баяу кептіру, яғни булану жылдамдығы оның ішкі қабаттардан жылжу жылдамдығынан аспайтындай болуы қажет. Егерде жоғары ылғалдылығы бар бұйымдарды бірден күйдірсе ол жарылып кетеді, сондықтан оларды 5 пайыз ылғалдылық қалғанша кептіреді.

Кептіру процесі 3 кезеңге бөлінеді: бұйымдарды қыздыру, тұрақты жылдамдықта кептіру және баяу жылдамдықта кептіру.

1-кезеңде бұйымдардың көлемі азаюына тең су көлемі шығады, осының нәтижесінде бұйым қарқынды шөгеді, жартылай фабрикаттың ылғал мөлшері кішкене өзгереді, ал кептіру жылдамдығы секіртпе тәрізді өседі: шыққан су шөгу суы деп аталады; кеуектер пайда болмайды; жылу бұйымдарды жылу тасымалдағыш температурасына дейін қыздыру үшін шығындалады.

2-кезең – кептірудің тұрақты жылдамдығы. Онда ішкі қабаттардан келіп жатқан ылғал бұйым бетінен буланып шығып кетеді. Бұл кезеңде материалмен тығыз байланысы жоқ, яғни физика-механикалық ылғал жойылады. Ылғалдылықтың төмендеуімен жартылай фабрикаттың терең қабаттарынан ылғалдың түсуі қиындайды, кептіру жылдамдығы күрт төмендеп, бұйымдардың температурасы жылу тасымалдағыштың температурасына жақындайды. Осы кезең сипатталады: шығып жатқан судың көлемі, бұйымдардың азаю көлемінен асады; бұйымдардың бетіндегі ылғалдылық азайғанша кептіру жылдамдығы тұрақты болады; бұйым салмағы тұрақты жылдамдықпен азаяды.

3-кезеңде шығып жатқан судың көлемі пайда болған кеуектердің көлеміне сай, яғни кеуектегі су шығады, ал бұйымдардың көлемі тұрақты түрде өзгермейді, сонымен: бұйым ылғалдылығы аумалы күйде болады, ауалық шөгуі аяқталады, кептіру жылдамдығы үздіксіз төмендейді.

Кірпіштерді кептіру туннельді кептіргіште жүзеге асырылады.

Күйдіру. Күйдіру – материалдарды жоғарғы температурада өңдеу процесі. Күйдіру – керамикалық бұйымдарды өндірудің соңғы процесі. Бұйымды күйдіру кезінде ғана материалдың құрылымы түпкілікті қалыптасады. Клинкерлі кірпішті күйдіру процесі әдетте 1100-1300°С -та аяқталады.

Бұйымдарды күйдіру шартты түрде 4 кезеңге бөлінеді: қосымша кептіру (200°С температураға дейін шикі бұйымнан қалған суды жою), қыздыру (700°С-тан кем емес түтін газдарымен отын жанғанша шикі бұйымдарды өңдеу), күйдіру (1100-1300°С температурада отынның жану аймағында кірпішті күйдіру), суыту (500°С-қа дейін баяу төмендетіледі, содан кейін шығарылатын кірпіштің температурасына (50°С) дейін).

Қыздыру барысында әр түрлі температураларда керамикалық бұйымдардың материалында оның қасиеттерінің өзгеруін тудыратын күрделі физика-химиялық құбылыстар болады.

20 – 150°С температура аралығында кірпіш-шикізат кептіріледі. Кептіру тығындалған суды және гигроскопиялық ылғалды толық жою, сондай-ақ жартылай фабрикат массасын біркелкі қыздыру мақсатында жүргізіледі. Ең қарқынды су 80 – 130°С температурада жойылады. Адсорбциялық-байланысқан суды алып тастау бірінші эндотермиялық әсермен сүйемелденеді, бұл ретте температураның тез өсуі кезінде бұйымның сынуы мүмкін аса қарқынды бөлінетін су буының жеткілікті мөлшері пайда болады. Температураны баяу көтеру керек, бұл жартылай фабрикаттан қалдық ылғалдың біркелкі және уақтылы кетуін қамтамасыз етеді.

Күйдірудің екінші сатысы – шикі затты 800°С температураға дейін қыздыру (серпімді деформация басталғанға дейін). Температураның көтерілуі кезінде материалда келесі процестер болады: химиялық байланысқан су 350°С температурада шикі кірпіштен шығарылады, ал бұл судың басты массасын беру 450 – 500°С температурада жүргізіледі және 900°С-қа дейін созылуы мүмкін (бұйымның шөгуі және механикалық беріктігі төмендейді). 200 – 800°С температурада саздың органикалық қоспаларының ұшпа бөлігі мен жанатын қоспалардың массасының құрамына енгізілген, сондай-ақ олардың тұтану температурасы шегінде органикалық қоспалар тотығады.

$$C + O_2 \rightarrow CO_2\uparrow$$

Осы кезеңде материал ең көп кеуектілікке ие, соның нәтижесінде судың және органикалық заттардың ұшпа бөлігінің бөгетсіз жойылуына ықпал етеді.

Лемонит $Fe_2O_3 \cdot nH_2O$ 130°С температурада химиялық байланысқан суының бір бөлігін жоғалтады және гетитке $Fe_2O_3 \cdot H_2O$ ауысады. 360°С температураға дейін қыздырғанда гетит гематитке Fe_2O_3 ауысады. (кірпіш қызыл түске ие болады).

500 – 600°С-қа дейін қыздырғанда каолиниттің бұзылуы басталады $Al_4[Si_4O_{10}](OH)_8$. Дегидратация процесі метакаолиниттің пайда болуымен өтеді:

$$Al_4[Si_4O_{10}](OH)_8 \rightarrow Al_2O_3 \cdot 2SiO_2 + 2H_2O$$

Каолиниттің ыдырауы және шикізаттан химиялық байланысқан суды алып тастау нәтижесінде иілгіштіктің толық жоғалуы орын алады. 300 – 1000°С температура аралығында саздағы карбонаттар ыдырайды.

450°С-тан жоғары температурада темір карбонаттары $FeCO_3$ ыдырайды:

$$FeCO_3 \rightarrow FeO + CO_2\uparrow$$

450 – 600°С температурада магний карбонаты $MgCO_3$ ыдырайды:

$$MgCO_3 \rightarrow MgO + CO_2\uparrow$$

900°С температурада $CaCO_3$ кальций карбонаты ыдырайды:

$$CaCO_3 \rightarrow CaO + CO_2\uparrow$$

Сондай-ақ, көмірқышқыл газдың кеуектер арқылы бөлініп шығуы басталады, сонымен қарсы келген ауаның кірпіштің ішкі жағына өтуі қиындайды.

Күйдірудің үшінші сатысы – бұйымдарды күйдірудің ең жоғары рұқсат етілген температурасына қол жеткізумен, жабынның жетілуімен және 1100 – 1300°С температура аралығында ұстап тұрумен сипатталады.

Температураны баяу көтереді, себебі 800 – 900°С кезінде серпімді деформациялар пайда болады, бұл сазды минералдардың кристалды торының бұзылуымен байланысты. Өнім массасының тұтқырлығы мен кеуектілігі 900 – 950°С кезінде күрт төмендейді. Карбонаттардың диссоциациясы осы уақытқа дейін толығымен аяқталады.

Құрамында жеңіл балқитын саз бен диатомит бар клинкерлі кірпіш 1100 – 1170°С температура аралығында тығыздығы мен беріктіктігі (Сурет 1) айтарлықтай өседі.



1 Сурет – Тығыздық (А) пен иілу және сығылу кезіндегі беріктіктің (В) тәуелділігі

Кварц пен далалық шпат үшін олардың құрамының күйдіру температурасына кері тәуелділігі, кристобалит үшін – тікелей тәуелділік болады. Гематит құрамы іс жүзінде өзгермейді. Кварц пен далалық шпаттың бұзылуы және кристобалиттің кристалдануы дәл осы аралықта (1100°С жақын) орын алады. Күйдіру температурасының жоғарылауы рентгеноаморфты фазаның үлесін ұлғайтады, оның ішінде беріктіктің жоғары мәндері түсіндіріледі. [3]

Суыту "қыздыру" шағын аймағымен басталады және температураның (сағатына 30°С-қа жуық) 550-500°С-қа дейін ішкі кернеуді болдырмау және бұйымның жарылуын болдырмау үшін жылуды баяу төмендетумен сипатталады. Кварцтың полиморфты өзгеруі нәтижесінде (573°С кезінде) және балқыманың тұтқыр күйінен қатты күйге ауысуы нәтижесінде 600 – 400°С температура аралығында жарықтардың пайда болуы мүмкін. Сондықтан ірі түйіршікті кварц құмын (көлемі 0,6— 1,2 мм) ұсақ түйіршікті құмды пайдалану кезіндегі салқындату жылдамдығымен салыстырғанда 15-20 пайызға азайтылуы тиіс. 40 – 50°С соңғы температураға дейін одан әрі салқындату тез жүреді және температуралық ауытқудың рұқсат етілген шамасы сағатына 120 – 125°С дейін өседі. [18]

Бұйымдарды күйдіру ұзақтығы күйдірілетін бұйымдардың материалына және оның физикалық қасиеттеріне (жылу өткізгіштігіне, тығыздығына, механикалық беріктігіне), күйдіру температурасына, температураның өзгеру жылдамдығына, күйдірілетін бұйымдардың түріне (өлшеміне, формасына, күрделілігіне), пештің типі мен жағдайына, отынды жағу жағдайына, пештің жұмыс арнасында жылу берілуіне және газдардың қозғалысына байланысты болады.

Бұйымдарды күйдіру туннельді пеште жүзеге асырылады.

1.7 Материалдық балансты есептеу

Материалдық баланс шикізаттың үлестік шығындарын "төменнен жоғары" технологиялық сұлба бойынша дәйекті анықтау жолымен жасалады.

Материалдық баланстың кіріс бөлігі өндіріске түсетін шикізаттың массасын, ал шығыс бөлігі – ақау мен технологиялық бөліктер бойынша өндірістік шығындарды ескере отырып, дайын өнімнің массасын анықтайды.

Өндірістік жоғалулар, мас. пайыз:

- шикі затты тасымалдау кезінде – 1;
- шикі затты өндеу (ұсақтау, ұнтақтау) кезінде – 2;
- бұйымдарды қалыптау кезінде – 1;
- бұйымдарды кептіру кезінде – 2 – 3;
- бұйымдарды күйдіру кезінде – 2 – 3;
- бұйымдарды қоймалау кезінде – 2.

Бастапқы мәліметтер

Шихта құрамы (мас. пайыз): жеңіл балқитын саз – 70, диатомит – 30

Шикі зат ылғалдылығы (пайыз): жеңіл балқитын саз – 14, диатомит – 11

Шихтаның орташа ылғалдылығы:

$$W_{о.ы.} = 14 \cdot 0,7 + 11 \cdot 0,3 = 13\ \%$$

Күйдіру кезіндегі жоғалу ККЖ (мас. пайыз): жеңіл балқитын саз – 5,27, диатомит – 8,3

Шихтаның орташа күйдіру кезіндегі жоғалуы:

$$ККЖ = 5,27 \cdot 0,7 + 8,3 \cdot 0,3 = 6,2\ \%$$

Өндірістің технологиялық параметрлері:

- шихтаның калыптау ылғалдылығы – 20 пайыз;
- бұйымдардың кептіруден кейінгі ылғалдылығы – 4 пайыз;
- күйдіруден кейінгі клинкерлі кірпіштің салмағы – 2,4 кг және 3,5 кг немесе 0,0024 т және 0,0035 т;

Өндірістің ақаулары және жоғалулары:

- күйдіру кезіндегі ақаулар – 2 пайыз;
- кептіру кезіндегі ақаулар – 3 пайыз;
- мөлшерлеу және тасымалдау кезіндегі жоғалу – 1 пайыз.

Материалдық балансты есептеу

Зауыт қуаттылығы – 10 млн. дана клинкерлі кірпіш немесе 29500 т/жылына.

Ақауларды ескергенде пештен дайын өнім күйдірілген массасы бойынша шығады:

$$Q_1 = \frac{П \cdot 100}{100 - К_1} = \frac{29500 \cdot 100}{100 - 2} = 30102\ \text{т/жылына}$$

мұндағы П – зауыт қуаттылығы, т/жыл;

$К_1$ – күйдіру кезіндегі ақаулар.

Күйдіру кезіндегі ақаулар мөлшері:

$$Q_1 - П = 30102 - 29500 = 602\ \text{т}$$

Күйдіру кезіндегі жоғалуларды ескергенде абсолюттық құрғақ масса бойынша пешке кірпіш түседі:

$$Q_2 = \frac{Q_1 \cdot 100}{100 - ККЖ} = \frac{30102 \cdot 100}{100 - 6,2} = 32091\ \text{т/жылына}$$

Күйдіру кезіндегі жоғалулар:

$$Q_2 - Q_1 = 32091 - 30102 = 1989\ \text{т}$$

Қалған ылғалдылықты ескергенде нақты масса бойынша пешке кірпіш түседі:

$$Q_3 = \frac{Q_2 \cdot 100}{100 - W_0} = \frac{32091 \cdot 100}{100 - 4} = 33428\ \text{т/жылына}$$

Пеште ылғалдылықтың булану мөлшері:

$$Q_3 - Q_2 = 33428 - 32091 = 1337\ \text{т}$$

Кептіру кезінде ақауларды ескергенде абсолюттық құрғақ масса бойынша кептіргіштен кірпіштің шығуы:

$$Q_4 = \frac{Q_2 \cdot 100}{100 - К_3} = \frac{32091 \cdot 100}{100 - 3} = 33083\ \text{т/жылына}$$

мұндағы $К_3$ – кептіру кезіндегі ақаулар – 3 пайыз.

Кептіру кезінде ақаулар мөлшері:

$$Q_4 - Q_2 = 33083 - 32091 = 992 \text{ т}$$

Қалған ылғалдылықты ескергенде нақты масса бойынша кептіргіштен кірпіштің шығуы:

$$Q_5 = \frac{Q_4 \cdot 100}{100 - W_0} = \frac{33083 \cdot 100}{100 - 3} = 34461 \text{ т/жылына}$$

Кептіргішке нақты массасы бойыша кірпіш түседі:

$$Q_6 = \frac{Q_4 \cdot 100}{100 - W_ф} = \frac{33083 \cdot 100}{100 - 20} = 41353 \text{ т/жылына}$$

мұндағы $W_ф$ – калыптау кезіндегі ылғалдылық – 20 пайыз.

Кептіргішке ылғалдың булану мөлшері:

$$Q_6 - Q_5 = 41353 - 34461 = 6892 \text{ т}$$

Массаны даярлау үшін технологиялық судың қажеттілігі:

$$Q_7 = Q_6 - \left(\frac{Q_4 \cdot 100}{100 - W_{ср}}\right) = 41353 - \left(\frac{33083 \cdot 100}{100 - 13}\right) = 3327 \text{ т/жылына}$$

10 пайыз жоғалуды ескергенде технологиялық судың қажеттілігі:

$$Q_7 = 3327 + 332 = 3659 \text{ т}$$

Тасымалдау кезіндегі жоғалуды ескергенде абсолюттық құрғақ массасы бойынша шихтаның кажеттілігі:

$$Q_8 = \frac{Q_4 \cdot 100}{100 - К_4} = \frac{33083 \cdot 100}{100 - 1} = 33417 \text{ т/жылына}$$

мұндағы $К_4$ – тасымалдау кезіндегі жоғалу – 1 пайыз

Тасымалдау кезіндегі жоғалу мөлшері:

$$Q_8 - Q_4 = 33417 - 33083 = 334 \text{ т}$$

Нақты массасы бойынша шикі зат қажеттілігі:

Жеңіл балқитын саз:

$$Q_с = \frac{Q_8 \cdot A_с}{100 - W_с} = \frac{33417 \cdot 70}{100 - 14} = 27199 \text{ т/жылына}$$

Диатомит:

$$Q_д = \frac{Q_8 \cdot A_д}{100 - W_д} = \frac{33417 \cdot 30}{100 - 11} = 11264 \text{ т/жылына}$$

мұндағы $A_с$, $A_д$ – шихтадағы жеңіл балқитын саздың және диатомиттің мөлшері, пайыз;

$W_с$, $W_д$ – жеңіл балқитын саздың және диатомиттің ылғалдылығы, пайыз.

Өңдеу кезіндегі жоғалуды ескергенде цехтің өнімділігін қамтамасыз ету үшін шикі зат қажеттілігі:

Жеңіл балқитын саз:

$$Q'_с = \frac{Q_с \cdot 100}{100 - К_4} = \frac{33417 \cdot 100}{100 - 1} = 27473 \text{ т/жылына}$$

Диатомит:

$$Q_д^{'} = \frac{Q_д \cdot 100}{100 - К_4} = \frac{33417 \cdot 100}{100 - 1} = 11377 \text{ т/жылына}$$

мұндағы $К_4$ – тасымалдау кезіндегі жоғалу – 1 пайыз.

Сазды өңдеу кезіндегі жоғалу:

$$Q_с^{'} - Q_с = 27473 - 27199 = 274 \text{ т}$$

Диатомитті өңдеу кезіндегі жоғалу:

$$Q_д^{'} - Q_д = 11377 - 11264 = 113 \text{ т}$$

Клинкерлі кірпіш өндірісінің материалдық балансы 7 кестеде көрсетілген.

7 кесте – Клинкерлі кірпіш өндірісінің материалдық балансы

Кіріс	**Шығын**
Қоймаға шикізаттың кірісі: Жеңіл балқитын саз – 27473 т Диатомит – 11377 т	Қоймаға дайын өнімнің кірісі – 29500 т
Технологиялық судың кірісі – 3659 т	Қайтарымсыз жоғалулар: күйдіру кезіндегі жоғалу – 1989 т пеште күйдіру кезіндегі – 602 т кептіру кезіндегі – 992 т тасымалдау кезіндегі – 334 т өңдеу кезіндегі – 387 т
	Технологиялық судың жоғалуы – 332 т
	Ылғалдың булануы: Кептіргіште – 6892 т Пеште – 1337 т
Барлығы: 42509 т	**Барлығы: 42365 т**

Баланстың қиыспаушылығы 42509– 42365 = 144 т/жылына құрайды, яғни 0,33 пайыз. Қиыспаушылықтың рұқсат шегі – 0,5 пайыз.

42509 – 100 %

144 – x x = 0,33 % 0,33 % < 0,5 %

1.8 Жабдықтарды таңдау және есептеу

Технологиялық жабдықтарды есептеу үшін келесі формуланы пайдаланады:

$$N_м = \frac{Q_{б.с.}}{Q_{ж.с.} \cdot К_{ж.н.}} \quad (3)$$

мұндағы $N_м$ – қондырылатын машиналардың саны;

$Q_{б.с.}$ – технологиялық бөлістің сағаттық өнімділігі (т/с);

$Q_{ж.с.}$ – жабдықтың сағаттық өнімділігі (т/с);

$К_{ж.н.}$ – жабдықты пайдалану нормативтік коэффициенті (0,8-0,9).

Шикі зат шығыны және дайын өнім көлемі 8 кестеде көрсетілген.

8 кесте – Шикі зат шығыны және дайын өнім көлемі

Аталуы	Марка	Жеңіл балқитын саз, т			Диатомит, т			Өнім шығуы, дана		
		жылына	тәул	сағ	жылына	тәул	сағ	жылына	тәул	сағ
Қасбеттік кірпіш 200x100x52 мм	М600	13736,5	41	1,7	5688,5	17	0,7	5000000	14 925	932
Жолдық кірпіш 200x100x75 мм		13736,5	41	1,7	5688,5	17	0,7	5000000	14 925	932
Барлығы		27473	82	3,4	11377	34	1,4	10000000	29850	1864

Саз қопсытқыш КО-01. Өнімділігі – 5 т/сағ

$$N_м = \frac{3,4}{5 \cdot 0,85} = 0,8$$

1 дана КО-01 саз қопсытқышты қабылдаймыз (саз үшін).

Балғалы ұсақтағыш РС400×300. Өнімділігі – 5–8 т/сағ

$$N_м = \frac{1,4}{5 \cdot 0,85} = 0,33$$

1 дана РС400×300 балғалы ұсақтағышты қабылдаймыз (диатомит үшін),

Жәшікті қоректендіргіш СМК-214. Өнімділігі – 7 т/сағ

$$N_м = \frac{3,4}{7 \cdot 0,85} = 0,57$$

1 дана СМК-214 жәшікті қоректендіргішті қабылдаймыз (саз үшін).

$$N_м = \frac{1,4}{7 \cdot 0,85} = 0,24$$

1 дана СМК-214 жәшікті қоректендіргішті қабылдаймыз (диатомит үшін).

Тас шығаратын біліктер СМ-22. Өнімділігі – 10 т/сағ

$$N_м = \frac{3,4}{10 \cdot 0,85} = 0,4$$

1 дана СМ-22 тас шығаратын білікті қабылдаймыз (саз үшін).

$$N_м = \frac{1,4}{10 \cdot 0,85} = 0,2$$

1 дана СМ-22 тас шығаратын білікті қабылдаймыз (диатомит үшін).

Мөлшерлегіш С-864 . Өнімділігі – 5–75 т/сағ

$$N_м = \frac{3,4}{5 \cdot 0,85} = 0,8$$

1 дана С-864 мөлшерлегішті қабылдаймыз (саз үшін).

$$N_м = \frac{1,4}{5 \cdot 0,85} = 0,33$$

1 дана С-864 мөлшерлегішті қабылдаймыз (диатомит үшін).

Екі білікті қалақты араластырғыш СМК-125. Өнімділігі – 32 т/сағ

$$N_м = \frac{4,8}{32 \cdot 0,85} = 0,2$$

1 дана СМК-125 екі білікті қалақты араластырғышты қабылдаймыз.

Суды ұнтақтайтын жүгіргіш СМ-21Б. Өнімділігі – 3-10 т/сағ

$$N_м = \frac{4,8}{10 \cdot 0,85} = 0,56$$

1 дана СМ-21Б суды ұнтақтайтын жүгіргішті қабылдаймыз.

Жұқа ұнтақтайтын білік УСМ-114. Өнімділігі – 35-50 т/сағ

$$N_м = \frac{4,8}{35 \cdot 0,8} = 0,2$$

1 дана КРОК-32 жұқа ұнтақтайтын білікті қабылдаймыз (саз үшін).

Экскаватор ЭМ 251М. Өнімділігі – 30 т/сағ

$$N_м = \frac{4,8}{30 \cdot 0,8} = 0,2$$

1 дана ЭМ 251М экскаваторды қабылдаймыз.

Вакуум пресс СМК-443А. Өнімділігі – 5000 дана/сағ

$$N_м = \frac{1864}{5000 \cdot 0,85} = 0,43$$

1 дана СМК-443А вакуум прессті қабылдаймыз.

Автомат-кескіш СМ-678А. Өнімділігі – 6375 дана/сағ

$$N_м = \frac{1864}{6375 \cdot 0,8} = 0,36$$

1 дана СМ-678А автомат-кескішті қабылдаймыз.

Автомат-отырғызғыш СМК-127. Өнімділігі – 6375 дана/сағ

$$N_м = \frac{1864}{6375 \cdot 0,8} = 0,36 \text{ (Туннельді кептіргіш)}$$

$$N_м = \frac{1864}{6375 \cdot 0,8} = 0,36 \text{ (Туннельді пеш)}$$

2 дана СМК-377 автомат-отырғызғышты қабылдаймыз.

Автомат-түсіргіш СМК-379. Өнімділігі – 18800 дана/сағ

$$N_м = \frac{1864}{18800 \cdot 0,8} = 0,12$$

1 дана СМК-379 автомат-түсіргішті қабылдаймыз.

Жабдықтар құрама ведомості 9 кестеде келтірілген.

9 кесте – Жабдықтар құрама ведомості

Аталуы, маркасы	Өнімділігі	Саны, дана	Масса, кг	Электр қ/қуаты, кВт	Габарит өлшемдері, мм
Саз қопсытқыш КО-01	5 т/с	1	3250	4	4700x2200x1170
Балғалы ұсақтағыш РС400×300	5 т/с	1	1500	11	1350x2460x1310
Жәшікті қоректендіргіш СМК-214	7 т/с	2	5000	4	6600x2770x1650

9 кестенің жалғасы

Аталуы, маркасы	Өнімділігі	Саны, дана	Масса, кг	Электр қ/қуаты, кВт	Габарит өлшемдері, мм
Тас шығаратын білік СМ-22	10 т/с	2	4300	41	2850х2550х1300
Дозатор С-864	5 т/с	2	480	0,68	2050х965х1065
Екі білікті қалақты араластырғыш СМК-125	32 т/с	1	3200	22	5250х1670х1330
Суды ұнтақтайтын жүгіргіш СМ-21Б	10 т/с	1	14800	20	4050х2760х2550
Жұқа ұнтақтайтын білік УСМ-114	35 т/с	1	10700	109	3810х3300х1750
Экскаватор ЭМ 251М	30 т/с	1	13000	41,6	4790х4880х1968
Ленталы вакуум пресс СМК-443А	5000 д/с	1	12500	100	6770х3660х2145
Автомат-кескіш СМ-678А	6375 д/с	1		9	4500 х1100х1230
Автомат-отырғызғыш СМК-127	6375 д/с	2		9	8740 х6950х5200
Автомат-түсіргіш СМК-379	18800 д/с	1	8400	26	5600х2800х3480

Жылутехникалық жабдықтардың өнімділігін есептеу

Бұйымды кептіруге арналған туннельді кептіргіштің техникалық сипаттамасы:

Кептіргіштің ұзындығы – 30 м;

Вагонетка ұзындығы ($a_в$), ені ($b_в$), биіктігі ($h_в$): 1,8х1,2х1,8 м;

1 вагонеткаға 200 дана кірпіш сыяды;

Кептіру мерзімі – 30 сағат.

Вагонетка саны:

$$n = \frac{L_T}{l_в} = \frac{30}{1{,}8} = 17 \text{ дана}$$

Сыйымдылық:

$$\varepsilon = n \cdot V_в = 17 \cdot 200 = 3400 \text{ дана (кірпіш)}$$

Туннельді кептіргіштің өнімділігі:

$$П_с = \frac{3400}{30} = 113 \text{ дана/сағ}$$

$$П_ж = 113 \cdot 335 \cdot 24 \cdot 0{,}9 = 817668 \text{ дана/жыл}$$

Туннельді кептіргіштің саны:

$$\frac{10000000 \cdot 1{,}05}{817668} = 13 \text{ дана (туннель)}$$

мұндағы 1,05 – кірпіштің ақауы.

Кептіргіш ені:

$$b_т = b_в + 2(100) = 1200 + 200 = 1400 \text{ мм}$$

Кептіргіш биіктігі:

$$h_т = h_в + 100 = 1800 + 100 = 1900 \text{ мм}$$

Кептіргіш қабырғалары қалыңдығы 380 мм керамикалық кірпіштен жасалған. Кептіргіштің үстіне қалыңдығы 70 мм темірбетон плитамен және қалыңдығы 150 мм жылуоқшаулағыш жабындымен жабылған. 13 туннельден тұратын кептіргіштің жалпы ені:

$$b_{жт} = 13 \cdot 1400 + 380 \cdot 14 = 18200 + 5320 = 23520 \text{ мм}$$

Туннельді кептіргіштің габариттік өлшемдері, мм: 30000х23520х1900 мм

Клинкерлі кірпішті күйдіруге арналған туннельді пештің техникалық сипатамасы:

-күйдіру каналының жалпы ұзындығы – 75 м, соның ішінде:

а) кептіру-қыздыру зонасы – 27 м;

ә) күйдіру зонасы – 24 м;

б) салқындату зонасы – 24 м;

-пеш вагонеткасының өлшемі: 3х3х1,5 м

-пештегі вагонетка саны – 25 дана;

-вагонеткадағы бұйымның жалпы саны – 3400 кірпіш.

Туннельді пештің өнімділігі:

$$П = \left[\frac{(n_1 \cdot n_2)}{T}\right] \cdot 24 \cdot 355 \cdot К_б \cdot К_п = \left[\frac{25 \cdot 3400}{36}\right] \cdot 24 \cdot 335 \cdot 0{,}98 \cdot 0{,}95 =$$

$= 17672651$ д/ж

мұндағы $п_1$ – пештегі ваганеткалар саны;

$п_2$ – вагонеткадағы бұйымның жалпы саны;

Т – күйдіру уақыты (36 сағ);

$К_б$ – дайын өнімнің шығу коэффициенті (0,98);

$К_п$ – пешті пайдалану коэффициенті (0,95).

Туннельді пештің саны**:**

$$\frac{10000000}{17672651} = 0{,}56 \approx 1 \text{ дана}$$

Туннельді кептіргіштің габариттік өлшемдері, мм: 75000х4000х2000 мм

1.9 Қосалқы нысандарды таңдау және есептеу

Саз қоймасын есептеу

Өндірістік бөлімнің құрамында болатын сақтау мерзімі 30 тәуліктен тұратын жабық түрдегі саз қорын қабылдаймын.

Саз қорының көлемі келесі теңдеумен анықталады:

$$V = \left(\frac{P_{тәул}}{\rho_{саз}}\right) \cdot 30 = \left(\frac{82}{1{,}6}\right) \cdot 30 = 1538 \text{ м}^3$$

мұндағы $P_{тәул.}$– шикізаттың тәуліктік қажеттілігі, т;

$\rho_{саз}$ – саздың тығыздығы, т/м^3;

Ені 12 м, биіктігі 8 м болатын штабель қабылданды. Сонда штабель ұзындығы мынаған тең болады:

$$L = \frac{V}{S} = \frac{1538}{96} = 16 \text{ м}$$

мұндағы S – штабель қимасының ауданы.

Саз қорының көлемі 16·12·8 (м^3).

Диатомит қоймасын есептеу

Өндірістік бөлімнің құрамында болатын сақтау мерзімі 30 тәуліктен тұратын жабық түрдегі аргиллит қорын қабылдаймын.

Аргиллит қорын есептеу жоғарыдағы саз қорына ұқсас:

$$V = \left(\frac{34}{0,6}\right) \cdot 30 = 1700 \text{ м}^3$$

Ені 12 м, биіктігі 8 м болатын штабель қабылданды. Сонда штабель ұзындығы мынаған тең болады:

$$L = \frac{1700}{105} = 18 \text{ м}$$

Диатомит қорының көлемі 18·12·8 (м^3).

Дайын өнім қоймасын есептеу

Клинкерлі кірпішті сақтауға арналған дайын өнім қоймасы көпірлік кранмен қызмет көрсетілетін бетондалған ауданға ие, онда көпірлі кранмен қызмет көрсетіледі.

1 м^2 қойма ауданына 2 ярусты 480 дана кірпіш жиналады.

Көпірлік кранмен қызмет көрсеткенде өту жолдарын есептеу үшін – 1,7 коэффициентін қолданады. Қойма ауданы төмендегі теңдеумен анықталады:

$$A = \left(\frac{Q_{сут} \cdot T_{хр} \cdot K_1}{Q_н}\right) = \frac{29850 \cdot 7 \cdot 1,7}{480} = 740 \text{ м}^2$$

мұндағы $Q_{сут}$ – тәулігіне түсетін бұйымның көлемі;

$T_{хр}$ – сақтау ұзақтығы;

K_1 – ауданның жоғалуын ескеретін коэффициент;

$Q_н$ – бұйымның нормативтік көлемі, 1 м^2 ауданға арналған.

1.10 Технологиялық процесті және дайын өнімнің сапасын бақылау

Өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін өндірістің барлық сатыларында бақылауды жүзеге асыру қажет: шикізат материалдарын кіріс бақылау, операциялық бақылау бойынша ағымдағы бақылау және дайын өнімнің сапасын бақылау. Зауыт зертханасының, техникалық бақылау бөлімінің қызметтері туралы деректерді келтіру қажет. Бақылауды ұйымдастыру бойынша нәтиже кестеге жинақталады. [7]

Шикізаттың, технологиялық процестің және дайын өнімнің сапасын техникалық бақылау 10 кестеде көрсетілген.

10 кесте – Шикізаттың, технологиялық процестің және дайын өнімнің сапасын техникалық бақылау

Аталуы	Шектік немесе нақтылы мәні				
Материал н/е процесс	Бақылайтын параметр	Материал н/е процесс	Бақылайтын параметр	Материал н/е процесс	Бақылай-тын па-раметр
Жеңіл балқитын саз	1. Бөтен заттардың болуы	ауысымда 1 рет	Карьер	Көзбен шолу	ТББ, технолог
	2.Ылғалдылық 21 па-йыздан аспау керек	ауысымда 1 рет	Жәш.қоректендіргіш	Салмақты, 0,2 пайызға дейін	Лабора-тория

10 кестенің жалғасы

Аталуы	Шектік немесе нақтылы мәні				
